

2

Тазалық айналаның ажарын ашады



4

Су айдындары тазартылуда



# Сыр бойы

16 сәуір, сейсенбі 2024 жыл

№58 (20732)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi\_kz
- t.me/syrboyi\_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

## «ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ»



Ереванға ресми сапармен келген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Мемлекеттік резиденцияда Армения Премьер-министрі Никол Пашинян қарсы алды.

Құрмет карауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Арменияның мемлекеттік әнұрандары орындалған соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Содан кейін Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрімен шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ресми сапарына ерекше мән беретінін және оның екіжақты қарым-қатынастарды дамытудың маңызды кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы байланыстардың барлық бағыты бойынша ынтымақтастықты арттыру үшін мол әлеует бар екенін айтты.

Өз кезегінде Никол Пашинян өзара байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, армян-қазақ қатынастарын жаңа деңгейге көтеру үшін бірлесе әрекет етуге дайын екенін мәлімдеді.

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, инвестициялық, өңірлік және

мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Тараптар өңірлік тұрақтылық және қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударды.

Шағын форматта өткен келіссөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян Қазақстан мен Армения арасындағы көп қырлы байланыстарды одан әрі нығайтуға бейілді екенін растады.

Шағын форматта өткен кездесуден кейін Қазақстан мен Армения басшылары келіссөзді ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ереванға сапармен келуге шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Никол Пашинянға алғыс айтты. Сондай-ақ ол Қазақстан Президенті ретінде Арменияға алғаш рет ресми сапармен келгенін атап өтті.

– Қазақ-армян әріптестігін жаңа деңгейге көтеруге қатысты бастамаңызды толық қолдаймын. Біз армян халқының терең тарихына, ежелгі мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен қараймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті өзінің Арменияға ресми сапары Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толуына орай өтуінің символдық мәні бар екеніне назар аударды. Ширек ғасыр ішінде екіжақты қатынастардың берік негізі қаланды. Саяси диалог белсенді дамып, үкіметтер мен парламенттер арасында байланыс орнады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өзінің Ереванға сапары Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін береді деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың мейлінше перспективті бағыттарын айқындап берді. Оның айтуынша, ең өзекті міндет – экономикалық қарым-қатынастарды сапасы мен мазмұны жағынан байыта түсу. Өзара сауда-саттықты ұлғайту үшін азық-түлік секторында, инвестиция, көлік-логистика, IT-индустрия және құрылыс салаларында айтарлықтай резерв бар.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қазақстан Президентінің Арменияға алғашқы сапары мол мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдің өзекті мәселелері талқыланған жедел мәжіліс өтті. Жиында санитарлық тазалық және көгалдандыру-абаттандыру жұмыстарының атқарылуы, салынатын нысандардың құрылыс сапасы, әр сала бойынша түйткілді мәселелер қаралды.

Аймақ басшысы қалаға ыстық су жүйесін орнату, экотакси қызметін ұйымдастыру, автобус паркінің жұмысын үйлестіруде халықтың талап-тілегін ескеру, қоғамдық көліктердің жолаушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуін күнделікті бақылауда ұстауды тапсырды. Жауапты басшылар жалпы қоғамдық маңызы бар мәселелерге әрдайым сергек қарауы тиіс.

Айта кетейік, қазіргі таңда облыс орталығындағы 153 көпқабатты тұрғын үйдің 70-і ыстық су қосуға дайын, тұрғындармен келісім-шарт жасалуда. Бұл жұмыстарға 140 млн теңге бөлінген.

Қалада жолаушыларға арзан бағамен тасымал қызметін көрсету үшін 1 млрд теңгеге 100 экотакси алынууда. Электр қуатымен жүретін көліктер ортақ желі арқылы жұмыс жасайды.

Сондай-ақ «Қорқыт Ата» әуежайына кіреберіс жол салынууда. Ауласы абаттандырылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Нұрлыбек Машбекұлы жол құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде аяқтауды ескертті.

Жауапты тұлғалар көтерілген мәселелер бойынша жағдайды баяндап, оларға тиісті тапсырмалар берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



## «КИЕЛІ МЕКЕН» АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Облыс аумағында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясындағы «Киелі мекен» апталығы бастау алды.

Сыр өңірі – ежелден тарихи-мәдени ескерткіштер мен кесенелерге бай өлке. Мұнда мемлекет қорғауына алынған 567 тарихи-мәдени ескерткіш бар.

Осы ретте, 14-20 сәуір аралығына жоспарланған «Киелі мекен» апталығында барлық тарихи-мәдени ескерткіштер, тарихи-өлкетану музейлерінің аумақтары абаттандырылады.

Акцияның алғашқы күні Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш», Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға қойылған белгі, Амангелді Иманов, Жанқожа Нұрмұхамедұлы ескерткіштерінің маңайы тазартылды.

2-бет

/// СҰХБАТ

## ҚЫС ШАНАНДЫ ЖАЗ САЙЛА



Халыққа жылу мен электр жарығы ауа мен ас секілді қажет, онсыз өмір – түл. Ал енді көбіміз сол коммуналдық қызметтің бесбатпан бейнептен келетініне көңіл қоя бермейміз.

Қала халқы биылғы қыстан қысылмай шықты. Әрине, тығып тоқ пеш жағатын, сырт киіммен жататын немесе сырттан пана іздейтін заман кетті. Бұл – негізінен көпқабатты үйлердің тұрғындарына қатысты сөз. Қазір жылу мәселесі аса алаңдатпайды. Дегенмен, жылу мен жарықты өндіру мен таратудың тарқатылмаған түйіні де көп. «Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК бас инженері Наурыз Сатхановпен бүгінгі әңгімеміз сол жайттар жайында болмақ.

– Наурыз Асанханұлы, биылғы жылу маусымындағы ауқымды жұмыс қалай атқарылды? Қала бойынша орталықтандырылған жылу жүйесі қанша нысанды жылумен қамтамасыз етіп келеді?

– 2023-2024 жылдарға жылу беру маусымы қала әкімінің шешімімен 2023 жылдың 13 қазанынан ресми басталған болатын. Маусымның аяқталуы ауа райының жылылығына орай биылғы 10 сәуір күні жарияланды.

Біздің жұмысымыз маусымдық болып аталғанымен, жыл он екі ай бойы тоқтамайтын тірлік. Тоқтамайтыны, жылу қыста қажет болса, жаздай оның дайындығы жүргізіледі. Ал жарық қысы-жазы, күндіз-түні керек.

2-бет

/// ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

## ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛСА, ШАТТЫҚ ОРТАЯДЫ

Дана халқымыз «Үйлену оңай, үй болу қиын» деп, шаңырақ көтерудің жауапкершілігі туралы бір ауыз сөзбен түйіндеп кеткен. Алайда қазір үйленудің өзі оңайға соқпай тұр. Дүркіретіп той жасау үшін несие алып, отау құрған жастардың шаңырақтары жыл өтпей шайқалып жатыр. Жуырда әлеуметтік желілерде Ranking.kz сайты жариялаған мәлімет алаңдатайы қойды. Рейтинг бойынша ажырасу жөнінен өлемде Қазақстан Мальдив аралдарынан кейінгі екінші орынға шыққан. Одан кейін Ресей, Беларусь және Қытай келеді. Ажырасудың ең төмен көрсеткіші Үндістан, Мозамбик және Кения сияқты елдерде тіркелген. Расында, бұл ақпарат шындыққа жанаспа ма? Еліміздегі ресми деректер қандай ақпаратты алға тартады? Саралап көрейік.

4-бет

/// ӘРТАРАПТАНДЫРУ

## ЖАҢАДАРИЯДА ҚАРБЫЗДЫҢ ЖАҢА СОРТЫ ЕГІЛДІ

Жалағаш ауданына қарасты Жаңадария ауылы бақша дақылдарын егуге өте қолайлы, топырағы құнарлы, аяқсу жолдары жүйелі. Әсіресе, қауын-қарбыз табиғи ауа райымен, яғни, жаздайғы күннің ыстығымен ерекше пісіп-жетіледі.

Айталық, 2016 жылы КХ «AGRIKO» шаруа қожалығы алғаш рет осында қауын егіп, жоғары сапалы өнім алған. Сол жылы Жаңадария қауыны ел асып, Ресейге экспортталған еді. Бүгінде осы шаруашылық Жаңадария ауылының аумағындағы «Атжайған» деп аталатын учаскеде 12 гектар қарбыз егуге. Бұған қосымша қауын егуді де жоспарлап отыр.

Жоба жетекшілерінің айтуынша, бұл қарбыздың сорты бөлек, ету жұмысы да бұрынғыдан өзгеше. Мысалы, арнайы техниканың көмегімен қарбыз тұқымы жерге біркелкі себіліп, артынша пленкамен жабылады. Бақшалық суды аса көп қажет етпейді, өйткені пленка ылғалды сақтайды. Бұл – америкалық «GLOBAL» компаниясының тасымалдауға тиімді, яғни, экспортқа шығаратын қарбыз сорты.

Жаңадария ауылының әкімі Рауан Ақпанбетовтың сөзінше, КХ «AGRIKO» шаруа қожалығының жетекшісі Иса Арман ауылда қолға алынып жатқан өзге де бастамаларға қаржылай қолдау танытып келеді.

Айта кетейік, аудан орталығынан шалғай жатқан Жаңадария ауылы кешегі кеңестік кезеңде қой совхозы болды. Қызылқұмның қойнауында отар-отар қой өріп, берекесі шалқып жататын. Ауыл шаруашылығының бекіткен межесі бойынша қой түлігінен ет өндірумен қатар, жүн, тері өндірісі де өз алдына қарқынды болатын.

Біле білсек, тіршіліктің тұп-тамыры ауылда жатыр. Бүгінде жаңадариялықтар да «жұмыс жоқ» дегенді желеу етпей, етінің егіп, малын бағып, өз-өздерін қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуге дағдыланған.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»



Валюта бағамы

\$ 447,89 kzt

€ 476,78 kzt

₸ 4,79 kzt

Ауа райы

+11° +25°

+12° +18°





# «ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ»

– Сіздің бүгінгі сапарыңыздың маңызы зор. Келіссөздер барысында кең ауқымды мәселелерді қарастырдық. Соның ішінде экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдетуге, өңірлік ықпалдастықты кеңейтуге бас мән бердік. Сонымен қатар біз мәдени-гуманитарлық саланы да назардан тыс қалдырған жоқпыз. Биыл Қазақстанда Арменияның мәдениет күндері, ал келесі жылы Арменияда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді. Жалпы бүгінгі қарастырылатын мәселелер – ауқымды және мазмұнды. Сіздің сапарыңыздың нәтижесінде екі ел арасындағы ынтымақтастықтың барлық бағытын дамытуда көздейтін нақты шешімдер қабылдайтынымызға сенімдімін, – деді Армения Премьер-министрі.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян бірлескен мәлімдемеге кол қойды.

Екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашинян бұқаралық ақпарат құралдары үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бүгінгі келіссөздер екі елдің жоғары деңгейдегі ынтымақтастығын сақтауға мүдделі екенін дәлелдейді.

– Бүгін күн тәртібіндегі көптеген өзекті мәселе жан-жақты талқыланды. Біз нақты келісімдерге кол жеткіздік. Пашинян мырза бұл туралы жана ғана толығымен айтты. Әсіресе, сауда-эко-

номика және инвестиция саласындағы байланыстың ауқымын кеңейтуге ерекше назар аудардық. Екіжақты сауда-саттықтың көлемі соңғы бес жылда тұрақты өсіп келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөздердің өзара сенім және түсіністік рухында өткеніне тоқталып, бұл сапар екі елдің қарым-қатынасына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Сөз соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашинянды Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Өз кезегінде Армения Премьер-министрі бүгінгі келіссөздер барысында кол жеткізілген уағдаластықтардың маңыздылығын атап өтті.

– Біздің жоғары деңгейдегі диалогымыз жаңа ғана қол қойған бірлескен мәлімдеме арқылы расталды. Мұның екіжақты қарым-қатынастарымызды одан әрі дамытуда маңызы зор. Шынайы әрі өзара тиімді байланыстарды нығайту жөніндегі ұстанымы үшін қазақ делегациясына алғыс айтамын. Біз көпжақты күн тәртібін одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін айқындадық. Сондай-ақ жаңа жобаларды, соның ішінде көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі өркендету перспективаларын нақтылайық. Біз тауар айналымының тұрақты өсіміне қарамастан, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін әлеуетіміздің толық пайдаланымай отырғанымен келіссөзіміз, – деді Армения Үкіметінің басшысы.

# ТАЗАЛЫҚ АЙНАЛАНЫҢ АЖАРЫН АШАДЫ

Сыр өліңде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында апта сайын жалпыоблыстық сенбілік ұйымдастырылады. Осы уақытқа дейін облыстың елді мекендеріне 28 мыңнан астам саялы ағаш көшеті отырғызылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сенбілікке қатысып, Тұңғыш Президент атындағы саябақ пен «Реміздер алаңы» аумағына ағаш екті.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен еліміздің бірқатар аймағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өтуде. Науқан 5 аптаға созылады. Әр аптаның өзін-

дік тақырыбы мен нақты мақсаты белгіленген. Мәселен, науқанның бірінші аптасы «Таза өлке» деп аталып, тұрғындар, қоғам белсенділері мен мекемелер өз аула-жайын тазартты. Одан соң «Киелі мекен» апталығы кезінде қала аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер аумағы абаттандырылады. Ал «Жасыл аймақ» апталығында ағаш егу жұмыстары жүргізіледі. Жас буын «Өнегелі ұрпақ» апталығы кезінде ардагерлер мен Қарттар үйінің ауласын жинап, қолғабыс жасайды. Ал акцияның



соңғы аптасы «Мөлдір бұлақ» тақырыбымен өтіп, өзен-көл жағасы тазартылады.

Осы ретте, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңірінде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Таза аймақ» экологиялық науқаны басталғаны туралы үндеу жариялап, тұрғындарды тазалық жұмыстарына ұйытқы, жақсы істерге дәнекер болуға шақырды.

Сенбілікте Қызылорда қаласы аумағына 2000-ға жуық түп көшет отырғызылды. Студенттер, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері, еріктілер Тұңғыш Президент, Денсаулық және демалыс, Б.Шо-кенов атындағы саябақтар мен С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының, бірқатар мектеп пен балабақша аумағын тазартты. Ис-

шараға барлық елді мекен тұрғындары, еңбек ұжымдары мен белсенді жастар қатысуға.

Ақцияға облыс бойынша 1119 мекемеден 14611 адам үлес қосты, кокыс жинауға 219 арнайы техника тартылды. Жұмыс аяғында полигондарға 300 тоннаға жуық кокыс шығарылды.

Айта кетейік, өткен жылы абаттандыруға республикалық және облыстық бюджеттерден 6,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұған 51 жоба жүзеге асырылды, 77 шақырым болатын 58 көше жарықтандырылды, 39 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынып, 6 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаратылды. Тағы 17 көпқабатты тұрғын үйдің 5 аулашпик аумағы абаттандырылды. Демеушілер есебінен қаладағы 26 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері қапталып, 1 млрд теңгеге Қызылорда қаласының орталық алаңы көркейтілуде.



Суреттер: Түркістан Нұрболта Нұрмұбаев

## /// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# ЕЛШІЛЕР САПАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер елшілерінің Қызылорда облысына жұмыс сапары аяқталып, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев делегация мүшелерін шығарып салды.

Сапар қорытындысына арналған мәжілісте делегацияның Қызылорда облысына сапары жоғары деңгейде өткенін айтты. Іс-шараны ұйымдастыруға атсалысқан жауапты тұлғаларға алғыс білдірді.

Еске салсақ, 11-14 сәуір аралығында Қызылордаға Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері және Сыртқы істер министрлігінің өкілдері арнайы жұмыс сапарымен келді. Облыс әкімдігінің

шақыртуымен келген делегация сапарының негізгі мақсаты – өңірге инвестиция тарту мәселесін қарау. Аймақтың инвестициялық әлеуетімен танысу.

Олар «Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда, «Болашақ» университеттерінің студенттерімен кездесті. Қармақшы ауданындағы «Қорқыт Ата» ме-

морилдық кешеніне, Арал ауданындағы Ә.Нұрпейісов атындағы Әдебиет үйіне барды. «Балықшылар аллеясын» және «Балықшылар музейін» тамашалап, «Aral Sea Food» балық өңдеу зауытының жұмысымен танысты. Мұнан бөлек, делегация мүшелері «Көкәрал» бөгетіне аялдап, Кіші Арал теңізінің жағдайын көрді және теңіз алқабындағы сексен егу жұмыстарымен танысты.

Жиын қорытындысында облыс әкімі Арал ауданының әкіміне, тиісті басқарма басшыларына Мемлекет басшысының Арал теңізінің құрғаған табанындағы 1,1 миллион гектарға 2025 жылға дейін климатқа сәйкесімдіктер ету тапсырмасын тиянақты орындап, жұмысты жалғастыру міндетін жүктетті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

# «КИЕЛІ МЕКЕН» АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Ігі бастамаға аралдықтар да атсалысып, аудан тұрғындары «Балықшылар музейінің» ауласын көркейтті, Әбдіжәміл Нұрпейісов музейі аумағында әктеу, сырлау жұмыстарын жүргізіп, ағаш көшеттерін отырғызды. Аталған шараға мәдениет және өнер саласының қызметкерлері белсенді қатысты.

Қазалы ауданының тұрғындары да акцияға ерекше қолдау білдірді. Олар «Жанқожа батыр» кесенесі мен Ғ.Мұратбаевтың мемориалдық музейіне келіп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Бұдан бөлек, Қазақ хандығының астаналарының бірі болған «Жанкент» қалашығы мен «Бегім ана» мұнарасы, «Кердері» кесенелерінің аумақтары да абаттандырылды.

«Киелі мекен» апталығында қармақшылықтар түркі жұртына ортақ қасиетті орын «Қорқыт ата ескерткіші-кешені» мен «Марал ишан», «Қалқай ишан» кесенелеріне тазалық жұмыстарын жүргізді.

Ал жалағаштықтар Бұқарбай батыр және Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіштердің, «Түмен әулие» кесенесінің аумағына жиналды. Ағаш көшеттерін отырғызып, құл-қоқыстан тазартты.

Сырдария ауданындағы «Асанас», «Қышқала» қалашықтары мен «Қалжан ахун» мешіт-медресесі аумағы тазартылып, игі бастамаға тұрғындар белсене атсалысты.

Шіелі ауданындағы «Оқшы ата» қорымының айналасына да тазалық жұмыстары жүргізіліп, ағаш көшеттері отырғызылды.

Жаңақорғандағы «Қорасан ата» кесенесі мен «Сығанақ» қалашығы, басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер маңы қоқыстан тазартылды.

Аталған акцияға аудан тұрғындары, мәдениет және өнер саласының қызметкерлері, сала ардагерлері ерекше қолдау білдірді. Жалпы «Киелі мекен» апталығындағы сенбілікке 3000 адам қатысты, 100-ге жуық іс-шара өтті. Тарихи-мәдени нысандардың маңайына 5000-ға жуық ағаш көшеті отырғызылды.

Апта соңына дейін «Жалантөс баһадүр» ескерткіші, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш», С.Қожанов, Ы.Жақаев бюсттері мен Мұстафа Шоқай, Бұқарбай Естекбайұлы, Ғани Мұратбаев ескерткіштері, Батырхан Шөкенов атындағы саябаққа тазалау жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Облыс көлеміндегі көркейту-көгалдандыру және санитарлық-тазалық сенбіліктері тек акция кезінде ғана емес, көктемнің алғашқы күні – 1 наурыздан бастау алып, тұрақты түрде жүреду.

# ҚЫС ШАНАҒЫ ЖАЗ САЙЛА

Мысалы, жылу жүйесі ажыратылған соң станция конденсациялық жұмыс жасау тәртібіне көшіріліп, электр энергиясын жоғары деңгейде өндіруге күш салады. Сонымен бірге қалалық магистральдық, аумақаралық және аумақтық ішкі жылу желілерін қысымға тексеру жұмыстарына кірісіп кетеді.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша 199,5 шақырым жылу желісі бар. Олар магистральдық жылу құбырлары, кварталаралық жылу құбырлары деп аталады. Бүгінгі таңда жылу жүйелерінің тозу көрсеткіші 45,1 пайызды құрап отыр.

– Бұл қалалық жылу жүйесінің жартысы істемейді деген сөз бе?

– Жоқ, олай емес. Мысалы, бір құбырдың не қондырғының жұмыс атқаратын бекітілген мерзімі болады. Жылу құбыры жиырма бес жылға жарамды болса, ол отыз жылдан бері ауыстырылмаған. Бірақ әлі жұмыс істеп тұр. Мұндай құбырлар жылу маусымы кезінде жарылып кетуі мүмкін, соған қарамастан оларды пайдаланып келеміз.

Қаланың жылу беру жұмыстары қашаннан да әкімдіктің бақылауында тұрады. Сондықтан алдағы кезеңде оларды жаңалау, ауыстыру жұмыстары қолға алынатыны анық.

Жалпы қала бойынша орталықтандырылған жылу жүйесіне 1621 нысан қосылған. Олардың ішінде 808 көпқабатты, 262 жеке тұрғын үй, 24 оқу орны, 50 мектеп, 24 балабақша, 28 денсаулық сақтау, 308 шаруашылық нысан, басқа да мекемелер бар.

– Әдетте, жылу мен жарықтың төлем-ақысы мәселе туындап жататын. Бұл жайын қалай шешіп отырсыздар?

– Алып отырған қызмет төлеміне әр мекеме, әр адамның жауапты болуы керек. Кейбір азаматтарда осы жауапкершіліктің төмен екені өкінішті. Мысалы, сіз моншаға барсаңыз, ақы төлейсіз, ал, монша жылумен жұмыс істейді, демек, ол жылу ақысын төлеуі тиіс. Осы қарапайым қағидалы түсіну қиын емес.

Қаладағы 808 көпқабатты тұрғын үйдің 389-на жылу есептегіш құралы орнатылған, 274-мен нақты есеп айырылады. 551 бюджеттік мекеменің 384-іне жылу есептегіш құралы орнатылған. Биылғы жылдың өзінде біздің мекемеден қызмет алған тұрғындар мен мекемелердің



238 млн теңге қарызы бар. Бұл жағдай жұмыс ырғағының бұзылуына әкеліп соғады. Осыған орай үздіксіз тұрақты жұмыстарымен айналысамыз, рейттік шаралар өткіземіз. Өйткені, қыстың көзі қырауда жылуысыз калудың зардабы ауыр. Сондықтан көпқабатты үйлер жылудан ажыратылмағанымен, кейбір мекемелер мен жер үйлерді жылу көзінен ажыратуға тура келеді. Бірақ бір ай мерзімге дейін негізгі төлемге үстеме жүрмейді.

– Мекеме жұмысына толығырақ сипаттама беріп өтсеңіз...

– «Қызылорда жылу-электр орталығы» МКК қала халқын жылумен және электр жарығымен қамтамасыз етеді. Бұл міндетті 2 үлкен бу қазандығы, 25 Мвт турбогенератор, 45 Мвт газтүрбиналық станса, оған қоса «Оңтүстік» бу қазандығы және 20 шағын қазандық атқарады.

Қызылорда қаласы сағатына 73 Мвт электр қуатын пайдаланады. Біздің мекеме 40 Мвт өндіреді. Қалған қуатты басқа қалалардағы стансалардан аламыз. Электр қуаты газ, яғни, «Ақшабұлақ» пен «Бейнеудің» сұйық отыны арқылы өндіріледі, бұрын көмір жағатынбыз. Қазір бұл жұмыс оңтайландырылды.

Мекемеде 300-ге жуық адам бар. Оларды күнделікті жұмысқа алып келетін, алып қайтатын арнайы тасымал көлігі қызмет көрсетеді. Жұмыс ауысым арқылы тоқтаусыз жүретіндіктен, мекеме базасында асхана жұмыс істейді. Жұмысшылар елу пайыз жеңілдікпен тамақтанады. Кәсіподақ арқылы демалыс орындарына да елу пайыз жеңілдікпен бара алады.

Жалпы, қызметкерлер мен жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына жете мән беріледі.



– Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының салынып жатқанын хабарлармыз. Осы жөнінде де сөз қозғап кетсек. Бұл кәсіпорын іске қосылғанда «Қызылорда жылу-электр орталығы» немен айналысады?

– Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасына сәйкес, облыстың 85 жылдығы қарсаңында аймақ басшысы Н.Нәлібаев жана жылу-электр орталығының іргетасын қалауға кол жеткізді. Бұл Қызылорда халқы үшін ең үлкен жаңалық болып отыр.

Қазіргі қолданыстағы жылу-электр орталығы 1964 жылы салынған. Қанша рет жөнделуден өтсе де, жылу қондырғылары мен құбырларының тозғаны да, қажетті қуатты өндіре алмайтыны да анық.

Қуаттылық кернеуі 240 мегаваттқа жететін жаңа жылу-электр орталығы шетелдік инвесторлардың 215 млрд теңге қаржысына салынып жатыр. Олар өз қаражатының қайтарымын он бес жыл көлемінде алады. Ең бастысы, стратегиялық нысан өз меншігімізде қалады.

2025 жылы пайдалануға берілетін ЖЭО облысымыздың электр қуатына қажеттілігін толық өтейді және артық қуатты өзге өңірлерге сатуға мүмкіндік береді.

Жаңа орталық жылу мен электр қуатын өндіріп, оны біздің мекеме арқылы таратады. Себебі, жылу құбырлары мен шағын электр стансалары біздің мекемеге қарайды. Біраз маман жұмысшыларымыздың қана орынға ауысуы мүмкін. Өйткені, жаңа орталыққа екі жүз адамға жұмыс орны ашылады.



Жаңа орталық ескі орталықты ысырып тастайды деген ой болмауы керек. Біз де бұрынғыша жұмысымызбен айналыса береміз.

– Өзіңіз айтқандай, тоқтамайтын тірліктің қамында келесі маусымның жұмысы басталып кеткен шығар. Енді 2024-2025 жылдағы жылу маусымының дайындығы туралы дерек бере кетсеңіз...

– Қазақ «Қыс шанаңды жаз сайла» деп бекер айтқан ба? Дайындық бүгін басталмаса, ертен де келіп қалады. Алдағы жылдың жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізіп және аяқтау мақсатында барлығы 5235,58 млн теңге жоспарланып отыр. Соның 566 млн теңгесі кәсіпорын қаражаты есебінен шығалы. Бюджеттік несиесі есебінен «Жылу энергетикалық жабдықтарды қайта құру және дамыту» бағдарламасы бойынша құрал-жабдықтарды сатып алуға қаржы-экономикалық негіздеме ұсынылды.

Алты жоба бойынша 9,5 шақырым жылу желілерін қайта жаңғыртуға бюджет есебінен 6874,2 млн теңге бөлініп, мердігер мекемелер анықталды. Сонымен қатар, қаладағы ЖТ-13-тен ЖТ-15А-ға дейін магистральді жылу желілерін, «Оңтүстік» қазандықтан ҚЦ-1-ге дейін магистральді жылу желілерін, қала көшесіндегі тұрғын үйлерге баратын орамалық жылу желілерін жаңғырту жұмыстары қолға алынбақ.

Атқарылатын жұмыстың тізімін соза беру-ге болады. Ең бастысы, сол міндеттерді сапалы орындауға күш саламыз.

– Өңімізге рахмет. Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.

Дүйсенбек АЯШУ.ПЫ,  
«Сыр бойы»



**Қызылорда облысы аумақтық сайлау комиссиясының хабары**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 26-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы 2024 жылғы 25 сәуірге тағайындалған Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына сайлау бойынша таңдаушылар тізімін танысу үшін ұсынады.

**Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына сайлау бойынша ТАҢДАУШЫЛАР ТІЗІМІ**

р/б	Таңдаушының тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Таңдаушының тұрғылықты жері
1	2	3	4
<b>Қызылорда облысының мәслихаты</b>			
1	Абибуллаева Аида Ибрагимовна	1972	Қызылорда қаласы
2	Амитов Нуридин Егенбердиевич	1968	Қызылорда қаласы
3	Базарбаев Батырхан Бақытбекович	1983	Қызылорда қаласы
4	Байқадамов Наурызбай Сейтқалиевич	1967	Қызылорда қаласы
5	Бақытбекұлы Нұркен	1978	Қызылорда қаласы
6	Боранбаев Қайрат Жомартұлы	1967	Қызылорда қаласы
7	Ембергенов Жұмабек Әшімұлы	1976	Сырдария ауданының Тереңөзек кенті
8	Ералиев Мағжан Абзалұлы	1989	Қызылорда қаласы
9	Ерназаров Қайрат Шаршыбекович	1965	Қызылорда қаласы
10	Жұмашев Мейрамбек Тоғусович	1978	Қызылорда облысы
11	Жұмбаев Дәулет Егембергенович	1962	Шиелі ауданының Ақмая ауылдық округі
12	Ибраев Нурболат Балтабаевич	1988	Қызылорда қаласы
13	Ибраев Рашид Уткельбаевич	1968	Қызылорда қаласы
14	Имандосов Нурлан Самуратович	1977	Қазалы ауданының Әйтеке би кенті
15	Искендер Ержан	1978	Қызылорда қаласы
16	Қалиев Ерлан Піртазаұлы	1962	Байқоныр қаласы
17	Махашов Бахдаулет Еркінбекович	1962	Қызылорда қаласы
18	Мусаева Гульшат Исаевна	1967	Қызылорда қаласы
19	Мұстафа Садық Шонмұрынұлы	1966	Қызылорда қаласы
20	Налибаев Максұт Ибрайханұлы	1961	Қызылорда қаласы
21	Ниязов Мұхтар Мәуленұлы	1985	Қызылорда қаласы
22	Нұрымбетов Жорабек Ибрагимұлы	1957	Қызылорда қаласы
23	Нұрсейтұлы Қайрат Болатұлы	1968	Сырдария ауданының Ақжарма ауылдық округі
24	Рахметов Алмас Алтынбаевич	1968	Қызылорда қаласы
25	Сақтаганов Қанагат Жанайбекович	1966	Қызылорда қаласы
26	Сандыбаев Бауыржан Тұрсымбаевич	1969	Қызылорда қаласы
27	Сопбеков Нұрымжан Жаркынбекович	1976	Қызылорда қаласы
28	Тілеп Ібайдулла Тілепұлы	1959	Қазалы ауданының Әйтеке би кенті
29	Төлепов Орынбасар Өтепұлы	1962	Қармақшы ауданының Дүр Оңғар ауылдық округі

30	Шаймағанбетов Амирбек Бердибекович	1963	Қызылорда қаласы
31	Шаменова Балжан Муралиевна	1962	Қызылорда қаласы
32	Ыскак Жанкелді Ойшыұлы	1958	Қызылорда қаласы
<b>Қызылорда облысы Арал ауданының мәслихаты</b>			
1	Алланов Адилхан Шанжарханұлы	1963	Арал қаласы
2	Алипов Болатбек Галитович	1989	Бөген ауылдық округі
3	Аяғанов Еркебулан Бауыржанұлы	1989	Сексеуіл кенті
4	Ембергенова Нурсауле Сайлауовна	1980	Арал қаласы
5	Жалғасбаев Дайрабай Баймуратович	1965	Аманөткел ауылдық округі
6	Жанғушикова Шарбану Байдылдаевна	1970	Қарақұм ауылдық округі
7	Жұмашева Индира Жанлғановна	1984	Арал қаласы
8	Ибраимова Лаура Колханатовна	1971	Арал қаласы
9	Қанатов Талғат Мирзағұлович	1976	Арал қаласы
10	Құлмурзаев Мейрамбек Оразғалиевич	1983	Арал қаласы
11	Мамитанова Ляйла Рашидовна	1968	Арал қаласы
12	Прекеев Батырхан Орымбаевич	1962	Қаратерен ауылдық округі
13	Сауяев Айтұған Сақтапбергенович	1973	Арал қаласы
14	Түлебаев Ардақ Канибаевич	1973	Арал қаласы
15	Турашметов Базарбай Шүменович	1968	Арал қаласы
<b>Қызылорда облысы Қазалы ауданының мәслихаты</b>			
1	Абилов Құнығар Абилович	1962	Әйтеке би кенті
2	Алипова Талғат Азимжанұлы	1973	Әйтеке би кенті
3	Асқарова Шакизада Келимбетовна	1967	Әйтеке би кенті
4	Әліп Гәзиз Әлмәмбетұлы	1966	Әйтеке би кенті
5	Ботабаев Нуркен Ботабаевич	1979	Әйтеке би кенті
6	Бүлебаев Райымбек Бұлатбекович	1984	Әйтеке би кенті
7	Жалғасбаев Нургиса Жаппарбергенович	1984	Әйтеке би кенті
8	Қадір Ардақ Нартайұлы	1975	Әйтеке би кенті
9	Мұхаш Ерболат Сартайұлы	1981	Әйтеке би кенті
10	Нұрмағанбетова Эльмира Жалпақбаевна	1974	Әйтеке би кенті
11	Орымбаев Аргын Қайрабаевич	1961	Әйтеке би кенті
12	Рахметов Абдуали Умирзақович	1958	Әйтеке би кенті
13	Сарабеков Адилбек Сербаевич	1962	Әйтеке би кенті
14	Табынбай Есет Жұмабекұлы	1994	Әйтеке би кенті
15	Утеев Жамаладин Мнажидинович	1980	Әйтеке би кенті
<b>Қызылорда облысы Қармақшы ауданының мәслихаты</b>			
1	Әділбеков Сырым Смаилұлы	1996	Жосалы кенті
2	Байрақтарова Дильфура Бакишовна	1976	III Интернационал ауылы
3	Бактияров Нурлан Женисбекұлы	1981	Жосалы кенті
4	Бекбаев Мырзаш Қуандықұлы	1965	Жосалы кенті
5	Бөгетов Болат Әлдебайұлы	1976	Жосалы кенті
6	Буханов Дастан Абдибекович	1978	Жосалы кенті
7	Дауленбаева Шолпан Ануаровна	1986	Ақай ауылы

8	Джақешов Абай Байдуллаевич	1983	Төретам кенті
9	Ералиев Төлеу Аймаңұлы	1963	Дүр Оңғар ауылы
10	Қанатбай Дәулет Аббазулы	1980	Жосалы кенті
11	Қошалаков ӘділҮсенұлы	1966	Жосалы кенті
12	Нысанбаев Бақытжан Сағилатулы	1964	Жосалы кенті
13	Рәлиев Еркін Оразалиевич	1969	Ақай ауылы
<b>Қызылорда облысы Жалағаш ауданының мәслихаты</b>			
1	Абдреева Бахыт Токтасиновна	1970	Мәдениет ауылы
2	Айтжанова Гүлжайна Айтжанқызы	1978	Аққұм ауылы
3	Ахетов Қуат Адисович	1978	Жалағаш кенті
4	Боранбаев Ерлан Өміртайұлы	1985	Бұқарбай батыр ауылы
5	Боранқұлов Абай Байпаңұлы	1990	Жалағаш кенті
6	Досымов Қайрат Алмасұлы	1983	Жалағаш кенті
7	Елеусинов Умирзақ Тұрымбетович	1963	Жалағаш кенті
8	Ержанов Галымжан Дастанұлы	1983	Жалағаш кенті
9	Жанашев Сабит Еркінбекович	1981	Жалағаш кенті
10	Курманбаева Гулзат Ердаулетовна	1966	Жалағаш кенті
11	Құдабаев Дәурен Қожабекұлы	1985	Таң ауылы
12	Максұтов Еркебулан Максұтұлы	1985	Жалағаш кенті
<b>Қызылорда облысы Сырдария ауданының мәслихаты</b>			
1	Абдрасилов Нурман Мусилимович	1990	Аманкелді ауылы
2	Әжікенов Ержан Ертұрағынұлы	1969	А.Токмағанбетов ауылы
3	Бакуов Марат Бақұлы	1973	Қалжан ахун ауылы
4	Бисенов Марат Алдабергенович	1968	Ақжарма ауылы
5	Ералиев Дархан Жұманұлы	1962	Н.Ілиясов ауылы
6	Есназар Алмас Зейноллаұлы	1967	Тереңөзек кенті
7	Жақып Еркебулан Төлебергенович	1981	Тереңөзек кенті
8	Ибадуллаева Динара Дүйсенбековна	1981	Қоғалыкөл ауылы
9	Ибрагимұлы Ақтөре	1993	Тереңөзек кенті
10	Қалдыбаева Анар Сраждиновна	1986	Айдарлы ауылы
11	Сериқбаев Абдиқарим Жагіпарұлы	1961	Шаған ауылы
12	Тлеубергенова Гулнур Махамбетовна	1979	Бесарық ауылы
<b>Қызылорда қаласының мәслихаты</b>			
1	Абдуқаликов Муса Жакипович	1963	Қызылорда қаласы
2	Абизов Дильмухамед Мнуарбекович	1978	Қызылорда қаласы
3	Әбләзім Әбдіғабит	1964	Қызылорда қаласы
4	Базарбай Еркін Базарбайұлы	1988	Қызылорда қаласы
5	Байсеитов Гибрат Муратович	1989	Қызылорда қаласы
6	Басикараев Ибрагим Асхарович	1961	Қызылорда қаласы
7	Бисенова Маржан Қылышбаевна	1981	Қызылорда қаласы
8	Еркебаев Бауыржан Еркебайұлы	1984	Қызылорда қаласы
9	Есжанов Мейрамбек Кенесович	1964	Қызылорда қаласы
10	Жарасбаев Жасулан Бақытович	1988	Қызылорда қаласы
11	Жүсіп Максат Өмірбекұлы	1983	Қызылорда қаласы
12	Каримова Бейбитқұл Сарсемхановна	1972	Қызылорда қаласы

13	Қутухуджаев Ибайдулла Десенбаевич	1957	Қызылорда қаласы
14	Мақаш Талғат Бақытбекұлы	1974	Қызылорда қаласы
15	Мампаев Ажибек Алғашбекович	1964	Қызылорда қаласы
16	Мусабаева Айгүл Нажмадиновна	1969	Қызылорда қаласы
17	Нуртазев Ерлан Бахытович	1977	Қызылорда қаласы
18	Садвақасова Жаннат Мылтықбаевна	1965	Қызылорда қаласы
19	Сыздықов Бахтияр Нурдиладиевич	1984	Қызылорда қаласы
20	Төлеген Бауыржан Төлегенұлы	1984	Қызылорда қаласы
21	Түлегенова Ақманат Муратовна	1979	Тасбөгет кенті
22	Турғанбаев Нурлан Бахытжанұлы	1979	Қызылорда қаласы
23	Ысқашова Раушан Жәдігерқызы	1969	Қызылорда қаласы
<b>Қызылорда облысы Шиелі ауданының мәслихаты</b>			
1	Әубәкіров Дихан Уалханұлы	1962	Шиелі кенті
2	Бердибаев Аскар Айтүревич	1980	Жақаев ауылы
3	Досмағанбетов Даурен Досмағанбетович	1968	Шиелі кенті
4	Ермаханов Асхат Өтепбергенович	1966	Алғабас ауылы
5	Жандарбеков Айтбай Насриддинович	1974	Шиелі кенті
6	Жусупов Қанат Жанабатырұлы	1976	Шиелі кенті
7	Қасымов Қалмырза Айдарұлы	1961	Шиелі кенті
8	Өмірәлиев Асылхан Сүлейменұлы	1971	Еңбекші ауылы
9	Салқынбаев Мұқанбетжан Бекмырзаұлы	1969	Бидайкөл ауылы
10	Сәулебек Қанат Тасболатұлы	1972	Шиелі кенті
11	Сүлейменов Болат Мұланазарұлы	1966	Шиелі кенті
12	Сыздық Болат Мүбәрәкұлы	1961	Шиелі кенті
13	Турабаев Мурат Оскенбаевич	1977	Шиелі кенті
14	Шалекеева Нұргүл Тәңірбергеноқызы	1985	Шиелі кенті
15	Шәукәбева Қазбек Алтынбекұлы	1972	Шиелі кенті
<b>Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының мәслихаты</b>			
1	Абдимауленов Жандос Жұмадиллаевич	1985	Жаңақорған кенті
2	Амалбеков Жасулан Бекенович	1973	Жаңақорған кенті
3	Берділлаев Бақыт Бексұлтанұлы	1970	Ақүйік ауылы
4	Бисасарова Лаура Абилхановна	1989	Жаңақорған кенті
5	Досантаев Данияр Асайинович	1989	Жаңақорған кенті
6	Құтыбаев Мейіржан Рахымұлы	1981	Жаңақорған кенті
7	Маликова Ақмарал Орманалиевна	1977	Жаңақорған кенті
8	Мамбетов Арман Сержанович	1976	Аққорған ауылы
9	Мырзабаев Серик Абдужаппарұлы	1988	Қыркент ауылы
10	Налибаев Аликеш Машбекович	1961	М.Нәлібаев ауылы
11	Сопбеков Галимжан Жаркынбекович	1978	М.Нәлібаев ауылы
12	Сұлтанбеков Бағлан Тойланович	1989	Келінтобе ауылы
13	Турлыбеков Жанабек Оразбекович	1987	Жаңақорған кенті
14	Усенов Изатулла Ергешович	1970	Қожақент ауылы
15	Юнусов Азатбек Оразаевич	1977	Сунақата ауылы

**МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**



Қазақстанда мемлекеттік жұмыс берушінің және азаматтың қатысуы қамтамасыз етілген халықты әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі жүйесі қалыптасты.

Нарықтық экономика жағдайында ролі басым міндетті әлеуметтік сақтандыру – жұмыс істейтін халық үшін Қазақстан Республикасында 2005 жылдан бастап енгізілген халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің екінші (қосымша) деңгейі. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде әлеуметтік аударымдарды жинақтайтын және әлеуметтік төлеулерді туындаған кезде әлеуметтік төлеулерді жүзеге асыратын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры орталық орынды алады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру

еңбекке қабілеттіліктен, асыраушысынан, жұмысынан, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдерді қамтиды. Бұл жүйенің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі – оған қатысу міндеттілігі және жұмыспен қамтылған халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту деңгейін арттыру маңызды. Әлеуметтік аударымдар жұмыс берушілердің қаражаты есебінен жұмыскердің табысының 3,5% мөлшерлемесі бойынша төленуі тиіс. Бұл ретте, Қазақстан Республикасындағы Әлеуметтік кодексіне бір ең төмен жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын әлеуметтік аударымдардың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерлері айқындалған.

Әлеуметтік аударымдарды есепті айдан кейінгі 25-ші күнінен кешіктірмей жүргізу қажет. Әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық төленуін бақылау салық органдарына жүктелген. Мемлекет міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар алдындағы әлеуметтік міндеттемелердің тұрақты орындалуына кепілдік береді. Өз кезегінде, төлеушілердің әлеуметтік аударымдарды толық және уақытылы төлеуі жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік төлеулермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік төлеулердің мөлшері әлеуметтік аударымдардың төленген сомасына, сондай-ақ оларды төлеу ұзақтығына тікелей байланысты. Дәл осындай қағидаттар бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыс істейді. Қордың мемлекеттік қызмет-

ті көрсетудің бизнес-процесі ашық, өйткені төлемдерді тағайындау үшін қалыптастырылған электрондық іс мәкеті қорға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан немесе электрондық форматта келіп түседі. Осылайша әлеуметтік аударымдардың түскен сомалары туралы ақпарат және әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі жөнінде түсініктеме алуға жүгінетін жағдайларды қоспағанда, қор қызметкерлерінің халықпен тікелей байланысы барынша азайтылған. Әлеуметтік аударымдардың төленген сомалары туралы ақпарат алуға жұмыс істейтін халықтың қолжетімділігі маңызды. Қазіргі уақытта egov.kz электрондық үкімет порталы, онлайн режимде банктердің мобилді қосымшалары, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО) және қор филиалдары арқылы әлеуметтік аударымдардың түсуі туралы ақпа-

ратты алу мүмкіндігі жүзеге асырылды. Тұтастай алғанда, жұмыс істейтін азаматтар базалық мемлекеттік жәрдемақылармен қатар қордан әлеуметтік төлемдерді ала отырып, жұмыс істемейтіндерге қарағанда артықшылыққа ие болады. Осыған байланысты, еңбек шарттарының болуы жұмыскерлерге тек еңбек ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік төлеулерді туындаған кезде әлеуметтік кепілдіктер де береді. Жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыру және халықты жұмыспен қамту үшін ынталандыра отырып, бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының маңызды және қажетті элементіне айналып отыр. **Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы**

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны рқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**





# ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛСА, ШАТТЫҚ ОРТАЯДЫ

Ұлттық статистика бюросы бұл деректердің шындыққа сай келмейтінін айтып мәлімдеме жасады. «Ажырасу коэффициенті 4,6 тең Қазақстан Мальдив аралдарынан кейін екінші орында тұрғаны туралы ақпарат шындыққа сәйкес келмейді. Бұл жалған деректің негізгі көзі https://worldpopulationreview.com/ сайтындағы мақала болған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша елімізде ажырасу коэффициенті 1000 адамға шаққанда 2,27 құраған. 2020, 2021 жылдармен салыстырғанда коэффициенттің төмендеуі байқалады. 2023 жылдың қорытынды деректері сәуір айында жарияланады» делінген хабарламада.

Тағы да деректерге жүгінер болсақ, дәм-тұзы жараспағандар саны бытыр 16,8 мың жұп болса, 2022 жылға қарағанда 5,3%-ға аз. Қалада ажырасу 5,2%-ға, ауылда 5,5%-ға азайған. Өңірлер бойынша отбасы құрғандар саны жөнінен Алматы аймағы бәлкім белгілі болды. Өткен жылы 13,1 мың жұп некелескен. Одан кейінгі орында Түркістан облысы және Астана қаласы. Ең аз неке Ұлытау облысында тіркелген, 1,5 мың жұп.

Ажырасу жөнінен де Алматы көш бастапты. Одан кейінгі орында Қарағанды облысы мен Астана қаласы. Ең аз ажырасу да Ұлытау облысында тіркелген, 198 жұп. Сарапшылар еліміздегі ажырасудың бірнеше себептерін атап көрсетеді. Екі жұптың арасына туыстарының түсуі, моральдық шектеулердің болмауы, сонымен бірге ажырасу процесінің жеңіл болуы да әсер еткен. Бұған қоса тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік, қызғаныш, жұмыссыздық, қаражаттың жетіспеушілігі және тұрғын үй сияқты материалдық мәселелер де өз әсерін тигізеді екен.

Иә, отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырмамай тұрмайтыны және рас. Мамандар енді шаңырақ көтергендер 5 жылға дейін бір-бірін түспей, отбасындағы кикілжіңдерге сабырлықпен қараса әрі қарай некенің тұрақты болатынын айтады. Алайда 10-15 жыл өткен соң да орта жасқа келгенде шаңырағы шайқалып, екіге айырылып жатқандар жок емес. Мұндайда ең әуелі зардап шегетін – бала. Өздерінің ұста-

нымы мен көзқарасын алға тартып некені оңай бұза салатындар баласының өтпелі кезеңіне көңіл бөлмейді. Одан кейін бала тұйықталу, өз ортасынан алшақтау, түрлі жаман әдеттерге бой алдыру секілді жағдайларға душар болады.

Ә.Мүсілімұлы атындағы №101 орта мектептің психологы Жанат Бекпенбетова ата-анасының ажырасуы балаға үлкен соққы болатынын айтады. – Кез келген бала жылулық пен қамқорлықты, мейірім мен қолдауды өзінің отбасынан күтеді. Кәмелет жасына жеткенше ата-анасына арқа сүйейді. Ал ата-анасы ажырасқанда бұл функциялардың барлығы бұзылады. Үлкендер өз басының мәселесімен әуре болады. Мұндайда көп жағдайда бала анасында қалып жатады. Әлі даму үстіндегі бала үшін жанына жақын адамдардың екіге айырылғаны кері әсер етеді. Мәселен, кей балалар өз-өзімен тұйықталып, терең ойға түсіп кетсе, екіншілері өте агрессивті болып кетеді. Бұл ата-анасының ажырасқанын қабылдамай жатқанын көрсетеді. Өйткені қажетті кезде қолдау жетпейді. Бала оны әдейілеп жасамайды. Бірақ сондай жағдайға алып келеді. Дамыған елдерде ерлі-зайыптылар бір-бірімен үйлеспегендіктен саналы түрде ажырасады. Бірақ олар баланын зардап шегетінін жасы түспейді. Сондықтан бала кімде қалса да екі жақтан көңіл бөліп, қиын кезеңде жанынан табыла біледі. Олар екі жақтан демеу болып, тұңғышқа батуына, ашушаң болып кетуіне жол бермейді. Қай психологтың тәжірибесін алып еткен. Бұған қоса тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік, қызғаныш, жұмыссыздық, қаражаттың жетіспеушілігі және тұрғын үй сияқты материалдық мәселелер де өз әсерін тигізеді екен.

Сарапшылардың зерттеуіне, елімізде жылына орта есеппен 140 мың отбасы шаңырақ көтерсе, оның 50 мыңы ажырасып кетеді екен. Ажырасуға арыз беретіндердің көбі – әйелдер. Олар ақылмен емес, эмоциямен әрекет етеді дейді психологтар. Неке жасының күрт өзгеруі де мамандарды алаңдатуда. Қазіргі таңда ерлер үшін некеге тұрудың орташа жасы – 27, ал әйелдер үшін 24 болып отыр. Отбасын кеш құру ажырасу санының артуына ықпал етіп отырған көрінеді.

Өңірдегі ресми деректерге қарағанда, өткен жылдың қаңтар айында 347, биылғы қаңтарда 384 неке тіркелген. Ал ажырасқандар бытыр қаңтарда 35 болса, биылғы қаңтар айында 160-қа өскен. Оның ішінде қалалықтар 90, ауылдық жердегі некенің бұзылуы 70 болған.

Жыл басында деректердің артуы әлеуметтік жағдайдың күрделенуін байқатса керек. Атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін де осындай кадамға барғандар статистиканы көбейтіп отыр. Сондай-ақ мамандар екі жақтың отбасылық өмірге дайын болмауы ажырасудың негізгі себептерінің бірі деп түсіндіреді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры Жантөле Тұсмағанбетов отбасы құндылығын қазір сезім мен сертке емес, көп жағдайда мүмкіндік пен есепке құрылғанын айтады.

– Жастар отбасылық өмірге жеңіл қарайды. Отбасын құрып, сәбилі болғаннан кейін тұрмыстағы ауыртпалықтарды көтере алмай, ұрыс-керісті үдетіп, үйдің берекесін алады. Жас отбасының ойрандалуына қаржылық, материалдық проблемалардан бастап, моральдық жеке мәселелерге дейін түрткі болады. Сондықтан оның алдын алу үшін әр жас қарым-қатынасты дұрыс құрудан бастау керек. Шешім қабылдамас бұрын қыз бен жігіт тарапынан рухани дайындық пен жауапкершілік қажет. Оларды үйленбей тұрып, өмірде кездесетін түрлі жағдайлар туралы кинолар көрсетіп, арнайы психолог маманының алдынан бір өткізіп алған артық емес. Бізде қазір отбасы құндылығын насихаттауға арналған орталық көп. Бірақ олар бір күндік шарадан әрі аса алмай жатыр. Маған әріптестерім ренжуі мүмкін. Бірақ бұл – шындық, – дейді ол.

Шаньрақтың шайқалуы, ерлі-зайыптының екіге айырылуы қоғам үшін де оңай емес. Ажырасу салдарынан жалғыздікті адамдар мен толық емес отбасылар көбейеді. Ең бастысы ұлттың зияткерлік сапасына. Абай айтқан жастардың «толық адам» болып қалыптасуына кері әсер ететіні анық. Сондықтан ажырасудың салдарымен емес, себебімен күрескен жөн секілді.

Сарапшылардың зерттеуіне, елімізде жылына орта есеппен 140 мың отбасы шаңырақ көтерсе, оның 50 мыңы ажырасып кетеді екен. Ажырасуға арыз беретіндердің көбі – әйелдер. Олар ақылмен емес, эмоциямен әрекет етеді дейді психологтар. Неке жасының күрт өзгеруі де мамандарды алаңдатуда. Қазіргі таңда ерлер үшін некеге тұрудың орташа жасы – 27, ал әйелдер үшін 24 болып отыр. Отбасын кеш құру ажырасу санының артуына ықпал етіп отырған көрінеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

## «Қазгермұнай» БК» ЖШС Қостанайға көмек көрсетті

«Қазгермұнай» БК» ЖШС су тасқынынан зардап шеккен Қостанай облысының тұрғындарына көмек көрсету үшін компания қызметкерлері ұжымы мен кәсіподағының күш-жігерін біріктірді.

Кәсіпорын қызметкерлері жинаған ақша мен компания бөлген қаражатқа эвакуацияланған халықты орналастыру үшін қажетті төсек жабдықтар, құтқару операцияларын жүзеге асыруға арналған ПВХ арматураланған қайық, қайыққа арналған мотор, резеңке етік пен қолғап, құтқару кеудешесі, маңдайға тағатын фонарик сияқты заттар сатып алынды.

Сондай-ақ компания құрылыс материалдарын нығайту және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар, құбырлар, электродтар, ағаш және металл дискілерін, тегістеуіштер жіберді. 140 отбасына киім-кешек пен аяқкиім, төсек-орын жабдықтары, үй бұйымдары, тұрмыстық химия, жеке гигиена құралдары, кенсе керек-жарактары сияқты қажетті тауарлар жиынтығы жасалды.

Айта кету керек, «Қазгермұнай» су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің салдарын жою жөніндегі Қостанай облыстық штабының басшысы Ерлан Олжабайұлы Тименовтен ең бірінші кезектегі қажетті заттар тізімін алды.

Жалпы 25 тоннадан астам көмек жиналды. «Қазгермұнай» компаниясының ұжымы тасқынынан зардап шеккен барлық тұрғындарға жағдайдың тез қалпына келуіне тілектестік білдіреді. Қазақстан халқы біртұтас және қиын жағдайларда бір-бірін қолдайды!



### ТАҒЫЛЫМ

## АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН...

Жақында «Хабар» арнасындағы «Атамекен» бағдарламасы жылқыдай асыл тұлкікке арналды. Қазақ үшін жылқы деген – жалықтырмас тақырып қой. Атты алғаш ауыздықтаған аталарымыз екені де тегін емес. Қазіргі қазақ жерін мекендеген Ботай мәдениеті деген атпен белгілі тайпалар тұрағының орнын зерттеу барысында сол тайпа осыдан бес жарым мың жыл бұрын жылқыны соғым қылып сойғаны, көнін топшыраққа тыңайтқыш ретінде қолданғаны дәлелденген.

Біздің бабаларымыз адамзат тарихында атқа алғаш қонғаны әлемге белгілі болып отыр. Салтқа адал халқымыздың қазіргі күнгі ұрпағы да жылқыны жақсы көреді. Ол – ерліктің, тазалықтың, биіктіктің символы.

Ендігі өңгіме, ұрпақ тәрбиесіндегі бұл тақырыптың алатын орны қандай? Жас өркенді елжандылыққа баулу – бүгінгі күні өзекті мәселе болып отырғаны баршаға аян. Құндылықтан асып кеткендіктен күресті қосыңыз бұған. Ендеше жылқы туралы, атбегілік өнерін, ат әбзелдері жайлы толық жатқан қызықты әрі құнды мәліметтерді балаларға бере алсақ нәтижелі болмас. Атка қызықпайтын, бөгейіні сүймейтін бала жоқ. Әсіресе ауыл баласы жылқы десе ішкен асын жерге қояры сөзсіз.

Егер осы тақырыпта кеш немесе сабақ өткізгізсе келсе ат бөйгесі, көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық ойындарды сыныптағы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Тек сұрақтар тақырыпты ашу керек. Ребустар шешуші де – ескірмейтін жақсы әдіс. Өз тәжірибемде XI ғасырда Каспий теңізі жағалауын мекендеген

иран тілді халықтың өміршісі Унсур ал-Маликейдің атты сынағаны жөніндегі еңбегін пайдаландым.

Сабақты өткізбестен бұрын сыныбымыздағы балалармен бірге қамшыгерлік өнері туралы барынша зерттеп, сабақ жаңалығы ретінде ортаға салдық. Ат әбзелдері, қамшы түрлері – бөлек бір қызық тақырып әрі оны балалар қолмен ұстап көреді, үйреніп өздері де жасай алады. Атсейістермен кездесу жасап, сұхбат алу да – жақсы әдіс. Сабақ үстінде жылқы туралы аңыз әңгімелер айту, өлеңдер оқу да бала бойында оң өзгерістер әкелуі сөзсіз. Ретімен төмендегі сөздерді де пайдалануға болады.

Қой – береке, түйе – газиз мал, ал аттың жалына қиямет күнне дейін жақсылық байлауы тұрады. Ат үйірін сағынса, арты аяғын қағынар. Ер басына күн туса, туған жерін сағынар. Ат айналып қазығын табады. Атсыздың атасының ақысы кетеді. Атың арымасын, тоның тозбасын, қалірің қашпасын. Атың жақсы болса, Ер жігіттің пырағы. Балаң жақсы болса, Жан-тәңірінің шырағы. Жүйрік атта жал болмайды, Ер мәліметтерді балаларға бере алсақ нәтижелі болмас. Атка қызықпайтын, бөгейіні сүймейтін бала жоқ. Әсіресе ауыл баласы жылқы десе ішкен асын жерге қояры сөзсіз.

Егер осы тақырыпта кеш немесе сабақ өткізгізсе келсе ат бөйгесі, көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық ойындарды сыныптағы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Тек сұрақтар тақырыпты ашу керек. Ребустар шешуші де – ескірмейтін жақсы әдіс. Өз тәжірибемде XI ғасырда Каспий теңізі жағалауын мекендеген

Надежда ӘБШЕВА, Е.Көпербаев атындағы №57 орта мектептің директоры

### БРИФИНГ

## Су айдындары тазартылуда

«Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясы басталғалы оған арнайы техникалар, жүзу құралдары мен 100 адам жұмылдырылды. Нәтижесінде он тоннаға жуық түрлі қоқыстар мен ау қалдықтары шығарылды.



Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Арал-Сырдария» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров хабарлады.

– Өздеріңіз білетіндей, облыста балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі өңірлік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама шеңберінде 16 мың тонна тауарлы балық өсіру межеленген. Бүгінгі күннің өзінде оң нәтиже бар. Облыс бойынша 76 тауарлы су айдыны, 8 тоған шаруашылығы және 2 тұйық сумен қамтамасыз етілген жүйе жұмыс жүргізуде.

«Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы мамыр айына дейін жалғасады. Бүгінгі күні акция аудандарда кең көлемде өткізіліп, тиісті шаралар жүргізіліп жа-

тыр, – делі ол.

Тағы бір айта кетерлігі, Кіші Арал теңізінің су айдынында 1 мамыр – 10 маусым, облыс шегіндегі су айдындарында 20 сәуір – 10 маусым аралығында, «Сарышұғына» және «Буақовқа» шығанағын байланыстыратын сағаларда маусымның 10-на дейін балық аулауға тыйым салу енгізілген.

Сонымен қатар, инспекцияның ұйымдастыруымен тиісті органдармен бірлесіп «Уылдырық шашу» акциясының жоспары мен іс-қимыл кестесі бекітілді. Акция басталғалы 33 рет балық қорғау заңнамасының бұзылғаны анықталды, 28 әкімшілік хаттама тоқтырылып, оның 5-еуі сот органдарының қарауына жіберілді.

«СБ» ақпарат

### Маман қажет

«Доломит-Тас» ЖШС-на Шалқия кентіндегі тас өңдейтін зауытқа келесі мамандық иелері қажет. Жұмыс кестесі – вахталық әдіс (15х15)  
1. Энергетик;  
2. Механик;  
3. Мастер;  
4. Газ-электр дәнекерлеуші;

5. Слесарь;  
6. Погрузчик жүргізушісі;  
7. Фельдшер;  
8. Электр слесарі;  
9. ДСК операторы;  
10. Грохотавщик;  
11. Бухгалтер көмекшісі. Жалақы уақыттылы, соц. пакет жүреді.  
Байланыс тел.: 8 705 753 82 24.